

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" N 131-1 Заңының, осы мәселе бойынша Президенттің жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларының Алматы қаласында орындалу барысы туралы

Күшін жойған

I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXIV сессиясының 1999 жылғы 12 наурыздағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 1999 жылғы 20 сәуірде N 42 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық Мәслихатының 2005 жылғы 11 ақпандағы N 123 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық Мәслихатының 11.02.2005 N 123 шешімімен.

I-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" N 131-1 Заңының, осы мәселе бойынша Президенттің жарлықтарының, Қазақстан Республикасы үкіметі қаулыларының Алматы қаласында орындалуын жайын карап, қалада шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету бойынша елеулі жүргізілгенін атап көрсетті. Алматы еркін кәсіпкерлік қаласы болып жарияланды, қала өкімінің жанынан Шағын бизнес департаменті құрылды, аудандар әкімдері аппараттарында шағын бизнес мәселелері бойынша әкімдердің орынбасарлары жетекшілік етеді, сауда бөлімдері кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бөлімдері болып қайта құрылды. 1998 жылы шағын кәсіпорындардың саны 800-ден асты және кәсіпорындардың жалпы саны 23,1 мыңға жетті, онда 116 мың адам жұмыс істейді. 1997 жылмен салыстырқанда шағын кәсіпорындар көрсететін қызметтер мен өндіретін тауарлардың көлемі 5,2 п р о ц е н т к е к ө б е й д і .

Сонымен бірге шағын кәсіпкерліктің дамуын орын алып отырқан бірқатар проблемалар кідіртуде. Айталық, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын бұза отырып, аудандар әкімдер аппараттарында рұқсат ету құжаттарын беру тәжірибесі (сауда жасауға арналған рұқсат ету куәліктері, кәсіпорындардың төлқұжаттары) әлі толық жойылмақан, жекелеген фирмалардың мүдделерін қорқайтын жақдайлар да кездеседі, кәсіпкерлерді аудандардың бюджеттен тыс қорларына және қайырымдылық қорларына "ерікті демеушілік ету" деп аталатын келеңсіз істі жасауға мәжбүр ететін, жарналар төлететін жағдайлар бар. Аудандар әкімдері аппараттары жанында негізінен кәсіпкерлерге салынатын айыппұлдардың есебінен өз бюджеттерін

калыптастыратын және ұсталатын әр түрлі құрылымдар құрылған және жұмыс істеуде. Аудандық салық комитеттері арқылы патент немесе куәлік берерде кәсіпкерлерден Қазақстан Республикасының "Жеке кәсіпкерлік туралы" Заңында көрсетілмеген құжаттарды (үй жайларды жалдау шарттары, олардың төл құжаттарының немесе жеке басының куәліктерінің көшірмелерін) орынсыз талап етеді, куәліктердің немесе патенттердің бланкілері үшін 400-600 теңге аралығында жоғары ақы алынады, куәліктер берілетін мерзім өте шектеледі, патенттердің құнының нақты мөлшерін анықтау мақсатында фонометраждар жүргізілмейді. Мемлекеттік өкілетті орган - көрнекі ақпарат және жарнама басқармасының бар екеніне қарамастан, сыртқы көрнекі жарнамаларды орналастыратын орындардың жарнамалық кеңістікті пайдалануға берудің жайын келісу "Алматықалабезендіру" АҚ арқылы жүзеге асырылады. МӘНЫҢ өзі Қазақстан Республикасы үкіметінің "Орталық және жергілікті атқару органдары арқылы көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеуді реттеу жөніндегі шаралар туралы" Қаулысына қайшы келеді. І-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тұрақты депутаттық комиссиялар, аудандардың әкімдері, қалалық, аудандық мекемелердің, ұйымдардың басшылары шағын кәсіпкерлікті дамытуда жинақталған тәжірибені пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Заңының, Президенттің жарлықтарының және Қазақстан Республикасы үкіметі қаулыларының талаптарын толық көлемде орындалуын қамтамасыз етсін.

2. "Алматы қаласы бойынша шағын кәсіпкерлікті дамытуды қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған Бағдарламасы" және "Алматы қаласындағы өнеркәсіптік аймақтарды дамыту Тұжырымдамасы" бекітілсін (N 1, 2 қ о с ы м ш а л а р) .

3. Қазақстан Республикасының Парламентіне және үкіметіне, Қазақстан Республикасының жекелеген заң актілеріне кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар ж о л д а н с ы н (N 3 қ о с ы м ш а) .

4. Қазақстан Республикасының Парламентінен шағын кәсіпкерлікті қолдау мәселелері бойынша Парламенттік тыңдаулар өткізу, Қазақстан Республикасының өкімшілік, Салық, Салық-процессуальдық Кодекстерін және Азаматтық Кодекстің II-бөлімін қабылдауды тездету сұралсын.

5. Қазақстан Республикасының Парламентіне және үкіметіне Алматы қаласының өкімімен және Алматы қалалық Мәслихатымен келіспей "Алматы қаласының айрықша мәртебесі туралы" Заңына өзгерістер енгізбеу жөнінде

6. Алматы қаласының әкіміне мынадай ұсыныстар жасалсын:

6.1. Өндірістік қызметпен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін қалалық бюджеттің қаражаттары есебінен мемлекеттік тапсырыстар бойынша сатып алынатын тауарларды" (жұмыстар, қызметтер) барлық көлемінің кемінде 10 процентін резервке қоюдың жайын қарастыру, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының шеңберінде олардың тауарларының (жұмыстар, қызметтер) өткізілуіне игі ықпал ететін тамыр-таныстық шараларды жүзеге асыру ;

6.2. Егер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында басқаша көрсетілмесе, кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған мерзімсіз лицензиялар беру және хаттау;

6.3. Алматы қаласында жарнамалық кеңістікті пайдаланғаны үшін ақы төлеу, олардың есебін алу, тіркеу, бақылау жөніндегі жұмыстарды реттеу;

6.4. "Алматы қалалық Бизнес-Инкубатор" жабық акционерлік қоғамын құру, оның жарлылық қорына үлес қосу ретінде Алматы қаласында Өнеркәсіптік аймақтарды ұйымдастыруға арналған, жарамды үй-жайлар бөлу;

6.5. Өнеркәсіптік аймақтарда орналасқан шағын кәсіпорындарға көмек көрсету, қаланың ірі кәсіпорындарымен өндірістік-технологиялық байланыстар жасауына жәрдемдесу .

7. Алматы қаласындағы аудандардың әкімдеріне ұсынылсын:

7.1. шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамытудың қалалық және аудандық бағдарламаларын жүзеге асыруға бақытталған жұмыстарды жандандыру;

7.2. беделді және тәжірибелі кәсіпкерлерді қоғамдық кеңесші ретінде жұмысқа тарту, олардың тәжірибесін тарату, қоғамдық кәсіпкерлік құрылымдарды қалыптастыруға жәрдемдесу.

8. Қалалық қаржы басқармасы:

8.1. осы мақсаттарға арналып бекітіліп, 1999 жылға арналған қалалық бюджетте көрсетілген қаражаттардың көлемінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несиелер беруге арналған ақша қаражаттарының толық көлемде бөлінуін қамтамасыз ету ;

8.2. алдағы жылға арналған, Алматы қаласы бюджетінің жобасында шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несиелер беру үшін, оларды оқытуды қаржыландыруға, Өнеркәсіптік аймақтарды өркендетуге және кәсіпкерліктің басқа да инфрақұрылымдық жақтарын дамытуды қаржыландыруды қарастыру.

9. Алматы қалалық аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті және Алматы қалалық Коммуналдық меншікті басқару департаменті:

9.1. шағын өндірістік кәсіпорындарды орналастыру үшін тоқсан сайын бос тұрқан үй-жайларды іздестіріп отырсын. Өндірістік және офистік үй-жайларға

мұқтаж кәсіпкерлер хабардар болуы үшін "Алматы ақшамы", "Вечерний Алматы" газеттерінде ай сайын бос тұрған және пайдаланылмайтын нысандардың тізімдерін жариялап отырсын;

9.2. өндірістік салада қызмет ететін шақын кәсіпкерлік субъектілерімен ұзақ мерзімді негізде, 10 жылға дейін үй-жайларды жалдау шарттарын хаттау ұсынылсын.

10. Алматы қалалық Салық комитеті:

10.1. жеке кәсіпкерлермен жұмыс істеуді бір жүйеге келтіріп, патенттер мен куәліктерді берерде төрешілдіктен бойларын аулақ салып, істі дұрыс ұйымдастырсын;

10.2. 1999 жылғы 1 сәуірге дейін Алматы қаласындағы жеке кәсіпкерлерге патенттер мен куәліктерді беру жөніндегі бірыңғай Ережені әзірлесін және бекітсін, оларды бергені және хаттақаны үшін Қазақстан Республикасының Заңдарында белгіленбеген ақы алу тәртібінің күшін жойсын;

10.3. жеке кәсіпкер бекітілген салықтық мөлшерімен келіспеген жағдайда патенттің құны үшін есеп айырысуды салық органының қызметкері жүргізген тексерудің нәтижелері және хронометраж негізінде немесе олар ұсынған мәліметтерге сәйкес жүзеге асырсын;

10.4. белгіленген салық ставкаларының нақты мөлшерлеріне барынша жақындатылған, Алматы қаласындағы аудандарды аймақтарға бөлудің неқұрлым икемді жүйесін әзірлесін.

11. Қалалық қаржы басқармасы Алматы қалалық Салық комитетімен бірлесе отырып, I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының кезекті сессиясының қарауына жергілікті бюджетке қарыздар кәсіпорындармен, ұйымдармен өзара есеп айырысу жөніндегі ұсыныстарды енгізіп, кейінірек Алматы қаласында Өнеркәсіптік аймақтарды ұйымдастыру үшін осы қаланың коммуналдық меншігіндегі пайдаланылмай тұрған үй-жайлардың біраз бөлігін оларға берсін.

12. Алматы қалалық өділет басқармасы заңды тұлқаларды тіркеу және қайта тіркеудің тәжірибесін жетілдіріп, шағын кәсіпкерлік субъектілердің тіркеудің мерзімін 3 күнге дейін төмендетуге қол жеткізсін.

13. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономикалық реформа және нарықтық қатынастарды дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (Ю.В.Костин), Алматы қаласы өкімінің бірінші орынбасарына (Қ.А.Бүкенов) жүктелсін.

төрағасы

Мәслихатының хатшысы

*I-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты XXIV сессиясының*

В. Югай

I-сайланған Алматы қалалық

Ж. Төрегелдинов

І - с а й л а н ғ а н

қ а л а л ы қ

1 9 9 9

ж ы л қ ы

1 2

2 4 - с е с с и я с ы н ы ң

№ 1 қосымша

А л м а т ы

М ә с л и х а т ы н ы ң

н а у р ы з д а ғ ы

ш е ш і м і н е

1999-2000 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ МЕН ДАМЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ АТАУЫ

1999-2000 жылдарға арналған Алматы қаласында шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың бағдарламасы

БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ ӘЗІРЛЕУШІСІ

Алматы қаласының Шағын бизнес департаменті

БАҒДАРЛАМАНЫҢ БАСТЫ ОРЫНДАУШЫСЫ

Алматы қаласының Шағын бизнес департаменті

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОРЫНДАУШЫЛАРЫ

Қалалық қызметтер мен басқармалар, аудан әкімдері, кәсіпкерлердің алматылық қауымдастықы, қоғамдық бірлестіктер

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

Кәсіпкерлерді жан-жақты тиімді қолдаудың жүйесін құру және осы негізде экономиканың өндірістік және басқа салаларында шағын кәсіпкерліктің тұрақты дамуын қамсыздандыру

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТІ

- Шағын кәсіпкерлікті табысты дамуы үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және ұйымдық шарттарды жасау
- кәсіпкерлікті қолдаудың қаржы-кредиттік және инвестициялық тегершіктерін дамыту және жетілдіру;
- халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын құру
- тұтыну базарын бәсеке қабілетті отандық тауарлармен толтыру үшін экономиканы өндірістік инновациялық және басқа салаларында шағын кәсіпорындарды ашу және дамыту
- шағын кәсіпорындарда мемлекеттік тапсырысты орналастырудың тиімді тегершігін жасау
- шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын жетілдіру
- шағын кәсіпкерліктің экономикалық және әлеуметтік дамуы міндеттерін шешуі үшін қалалық құрылымдардың, атқарушы биліктің жергілікті органдары мен қоғамдық ұйымдардың тиімді өзара іс-әрекетін қамтамасыз ету

БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ ШАРАЛАРЫ

Негізінен сауда дәнекерлік қызметте бақытталқан шағын бизнес бағдарында қалыптасқан өндірістің тұралауы жағдайында, сондай-ақ Алматы қаласының дамуы ерекшелігін базарларда тауарлар мен қызметтердің қалыптасқан жағдайын ескере отыра қала өкімінің аппараты шағын бизнес департаменті арқылы барлық қала қызметтері мен және басқаларымен өзара тығыз іс-әрекет ете отыра мына төмендегі басым бақыттарда кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуды жүргізеді:

- азық-түлік өнімдерін, ең алдымен жергілікті шикізаттан өндіру;
 - тігін, тоқыма өндірісі;
 - картон-қақаз және буып-түю өнімдерінің өндірісі;
 - балалар тауарларының түрлерін шықару;
 - дәрі-дәрмек препараттарының өндірісі;
 - құрылыс материалдарын шықару;
 - мүгедектерге арналған өнімдерді шықару;
- жиһазды, оның ішінде мектеп пен ауруханаға арналған жиһазды шықару;
 - тұрмыстық химия мен әсемдегіш-косметикалық бұйымдарды шықару;
 - тұрғын үй мен әлеуметтік мақсаттағы объектілерді салу, жөндеу және пайдалануға беру;
- халыққа медициналық және тұрмыстық қызметтерді дамыту (кір жуатын орын шеберханалары және т.б.);
- қоғамдық тамақтандыру объектілерінің желісін дамыту.

Алматы қаласы үшін жоғарыда мазмұндалған басым бағыттарды ескере отыра тараулар бойынша төмендегі шаралар қарастырылады:

- I. Шағын кәсіпкерлікті дамытудың құқықтық шарттарын жетілдіру
- II. Кәсіпкерлікті қолдауды ұйымдық қамсыздандыру
- III. Шағын кәсіпкерлікті, шағын-кредиттік, инвестициялық және өндірістік-технологиялық қолдау
- IV. Кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымдары мен өнеркәсіп аймақтарын дамыту
- V. Шағын кәсіпкерлікті кадрлық және ақпараттық қамсыздандыру
- VI. Шағын кәсіпкерліктің әлеуметтік қорқалуы және қәуіпсіздігі

ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ КӨЛЕМІ МЕН КӨЗДЕРІ

1999 жылқы республикалық және жергілікті бюджет қаражатынан қаржыландырудың жалпы көлемі шамамен 100 млн. теңгені құрайды.

Басқа көздерден, қосымша қаражатты тарту, оның ішінде отандық кәсіпкерлер мен шет ел инвесторларының бос қаражаты, банк кредиттері.

БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН ТҮПКІ НӘТИЖЕЛЕР

- Алматы қаласында жұмыс істейтін шағын кәсіпорындар саны 1,3-1,4 есеге көбейту ;

- жаңа жұмыс орындарын ашу, сол арқылы қаладағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге қол жеткізу, халықтың жұмыспен қамтылуын қамсыздандыру;

- экономиканың өндірістік және басқа салаларында шағын кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы үшін барлық қолайлы жағдайда жасау есебінен шағын кәсіпкерлікті үдемелі дамыту ;

- шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ұйымдық-әдістемелік, ақпараттық талдау, кеңестік сақтандыру және басқа қызметтерді көрсету үшін осы сәтте жеткілікті дамықан нарықтық инфрақұрылымдар объектілерін көру;

- қала базарларын жергілікті өндірістің бәсекеқабілетті өнімдермен және қызметтерімен толтыру ;

- салық салынатын база мен бюджеттің кіріс бөлігін көбейту.

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕГЕРШІГІ

Алматы қаласы өкімі аппаратының, шағын бизнес департаментінің, қала және аудан қызметтері мен басқармаларының, қоғамдық бірлестіктерінің

күш-жігерімен шағын кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыру мақсатында, экономиканы тұрақтану, жұмыссыздық деңгейін төмендету, қаланың экономикалық және басқа да мәселелерін шешу бойынша қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін шағын бизнес мүмкіндігін дамытуға арналған қолда бар мүмкіндіктерді барынша пайдалану жөнінде қадамдар жасалуда.

Бағдарлама кәсіпкерлікті дамытудағы елеулі мәселелерді шешуге бағытталған нысаналы шараларды орындаудың нақты және шынайы кешені ретінде жасалды, қала және аудан құрылымдарының, қоғамдық бірлестіктердің, қауымдастықтардың және басқа ұйымдардың, кәсіпкерлердің мүдделері мен мүмкіндіктерін, күш-жігерін жоғары деңгейде жұмсалдыруға тиіс.

Бағдарламаның әрбір шарасын орындау үшін жауапты орындаушылар бекітілген және нақты мерзімдері белгіленген. Бағдарлама шараларын орындаушылар қызметін үйлестіру міндеті шақын бизнес департаментіне жүктелген, ол ай сайын шақын бизнесті қолдау жөніндегі ҚР Агенттігіне бағдарламаны іске асыру туралы ақпаратты Алматы қаласы әкімі аппаратының басшылығына есептеп тапсырады, белгіленген шараларды өз уақытында орындауды қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдайды, оны іске асыру барысындағы кемшіліктерді жояды, сондай-ақ бағдарламаны іске асыруға бөлінген ақша қаражатының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

Осы бағдарламаның табысты және өз уақытында іске асыруды қамтамасыз ету үшін белгіленген тәртіппен жекелеген шаралар мен орындалу мерзімі бойынша өзгеріс енгізуге жол беріледі.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН КӘСПКЕРЛІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН ТИІМДІЛІКТІ БАҒАЛАУ

Кәсіпкерлікті дамыту бағыттарын талдау, оның Алматы қаласында дәйекті даму сипатында екендігін және бюджетке айтарлықтай түсімнің көзі болып ғана қоймай, әлеуметтік шиеленістер төмендетудің жұмыспен негізгі қамтудың, қаланы дамытудың факторы бола отыра оң нәтиже әкелгендігін қуаттайды.

01.11.1998 ж. жағдай бойынша Алматы қаласында (статистика органдарының мәліметі бойынша) 22051 шағын кәсіпорын тіркелген, оның ішінде:

- өнеркәсіп өндірісі,	о/і
- а/ш өнімдерін ұқсату	- 2661
- ауыл шаруашылығы	- 241
- құрылыс	- 1666
- көлік пен байланыс	- 1096

- сауда	- 8557
- мейманханалар мен ресторандар	- 585
- қызметтің басқа түрлері	- 7245

Тіркелген кәсіпорындардың жалпы санынан 01.11.1998 ж. жағдай бойынша (салық комитетінің жағдайы бойынша) 13124 жұмыс істейді (немесе 59,5%), оның ішінде кәсіпорындардың басым көпшілігі сауда саласында жұмыс істейді - 6541 (немесе 49,8%), бұдан кейін құрылыс 868 (немесе 6,6%), өнеркәсіп өндірісі, о/і а/ш өнімдерін ұқсату - 665 (немесе 5,5%), көлік және байланыс - 593 (немесе 4,6%), мейманханалар мен ресторандар - 732 (немесе 5,6%), қызметтің басқа түрлері - 3556 (немесе 27,4%).

01.11.1998 ж. жағдай бойынша Алматы қаласында шағын кәсіпкерлер саны - 9299 адам.

үстіміздегі жылғы он ай ішінде қаладағы жұмыс істейтін кәсіпорындар 35362,1 млн. теңгенің, ал жеке кәсіпкерлер 552,3 млн. теңгенің қызметін көрсетті.

1998 жылдың қаңтары мен қазанның бойындағы кезең мәліметтерін талдау өткізілген өнімнің (жұмыстың, қызметтің) жалпы көлемінің негізгі үлесінің саудамен шұқылданатын шақын кәсіпорындарға тиесілі екендігін - 75,5%, ал ең аз үлестің мейманханалар мен ресторандар, көлік пен байланысқа тиесілі екендігін көрсетіп отыр, олар жалпы 3,5%. Экономиканың басқа саласындағы өндіріс көлемінің көрсеткіштері бойынша кәсіпорындар үлесі тиісінше төмендегидей:

- құрылыс	- 2%
- өнеркәсіп өндірісі	- 3,5%
- басқалары	- 19%

Еңбек нарықындағы жалпы жағдайдың шықуына қарамастан 01.11.1998 ж. жағдай бойынша шағын бизнес кәсіпорындарында Алматы қаласы бойынша 88632 адам жұмыс істеді. Негізінен жұмыс күшінің сауда саласы - 39279 адам (немесе 44,3%), бұдан кейін өнеркәсіп өндірісі мен құрылыс 20351 адам (немесе 23%), мейманханалар мен ресторандар, көлік пен байланыста жалпы - 12179 адам (немесе 13,7%) және қызметтің басқа түрлерінде - 16823 адам (немесе 19%).

"Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және жандандыру жөніндегі шаралар туралы" 06.03.1997 ж. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығын орындау үшін және бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Алматыда жұмыс істейтін шағын кәсіпорындар саны өсуге, сондай-ақ кәсіпкерлік құрылымдарға тартылған тартылатын адамдар саны - 115-125 мың адамға көбеюге тиіс.

Алматының - еркін кәсіпкерлік қаласы болып жариялануын назарқа ала отыра нарықтық инфрақұрылым объектілерінің желісі құрылып, кәсіпкерлерге халықаралық байланысты орнатуда, шағын бизнеске инвестицияны іздеу мен

тартуда өнімдердің жаңа түрлерін, технологияларды дамыту мен енгізуде көмек көрсететін болады.

Кәсіпкерлердің өндіріске, саудаға және көлеңкелі экономикадан шығу үшін қызметтің басқа түрлеріне жеке қаражатын салуға мүдделілік артады және соның салдары ретінде салық базасы мен бюджеттің кіріс бөлігі артады. Экономиканы сауықтыруда, әлеуметтік шиеленісті төмендетуде, қаланың бірінші кезектегі әлеуметтік маңызды міндеттерін шешуде нақты нәтиже қол жететін болады.

І-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты XXIV сессиясының
төрағасы В.Югай

І-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы Ж.Төрегелдинов

**1999-2000 жылдарға арналған Алматы қаласында
шағын кәсіпкерлікті дамыту мен
қолдану үшін қолайлы жақдай
жасауға бақытталған ШАРАЛАР**

**1-ТАРАУ: ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАҒДАЙЫН ЖЕТІЛДІРУ**

№	Орын- дау мерзімі	Орындаушылар	Аяқтау нысаны	Қар- жы- лан- дыру көзі	Қар- жы- лан- дыру сома- сы
1.	1 тоқ- сан 1999 жыл	Шағын биз- нес депар- таменті, өділет басқармасы, қалажерком,қаластат басқарма, бас АПБ, Қала СЭС, стандарт- тау, мет- рология және сертифи- - каттау орталығы, қозғалмай- тын мүлік орталығы	Құжаттар- дың жедел өтуінің үлгі- ережесі		
	1998 жылғы 10 шілдедегі "				
	ҚР кейбір заң актілеріне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" ҚР Заңына сәйкес				

2.	қала СЭС органдары қоғамдық тамақтан-дыру, емдеу - сауықтыру объектілерін қоспағанда шағын кәсіпкерлік субъектілеріне тексерісті жылына бір реттен артық тізбесін жүргізбесін	1999 жыл	қала СЭС	СМП тексеру жоспары 3 жыл мерзімге		
3	Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне "Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы" ҚР Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар Жарлығына сәйкес мем.бюджетке жарты жылда бір реттен аспай салықты аударудың дұрыстығы мен өз уақытында төлеуі бойынша тексеріс жүргізу	1999 жыл	Салық комитеті, салық полициясы басқармасы	Тексерісті жүргізу кестесі		
4.	Жеңілдік негізде жер пайдалану үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерін рәсімдеу мәселесі бойынша ҚР заңына өзгеріс енгізу жобасын әзірлеу	1999 жыл	Қалажерком	Ұсыныстар		
5.	Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне салықтық қолдау механизмі, оның ішінде жеке кәсіпкерлерді патенттеуді дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу	I тоқсан 1999 жыл	Шағын департамент бизнесі, қалалық салық комитеті, кәсіпкерлердің Алматы қауымдас-тығы	Мемкіріс-миніне, Шағын бизнесті қолдау жөніндегі ҚР Агенттігіне Ұсыныстар		
6.	Шағын кәсіпкерлікті реттеу мен қолдау және қолданыстағы заңды жүйелендіру мен жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу саласында қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талдауын жүргізу	жылына бір рет	Шағын бизнес департаменті, кәсіпкерлердің Алматы қауымдас-тығы	Шағын бизнесті қолдау жөніндегі ҚР Агенттігіне, Әділет министріне ұсыныстар		
7.	Қала, аудан әкімшіліктері әзірлеген 1999-2000 жж. арналған шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бағдарламасын үйлестіру және орындалуына бақылау	ай сайын	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері	Орындалу барысы туралы ақпарат		
	Кәсіпкерлікті дамытуды атап айтқанда, отандық товар		Шағын бизнес департаменті, Алматы	Мемкірісминіне, Шағын		

8.	өндірушілер үшін кеден кедергілерін азайтуға жәрдемдесу	II тоқсан 1999 жыл	қ.Бойынша кеден басқармасы, Алматы қауымдас-тығы	бизнесі қолдау жөніндегі ҚР Агенттігіне ұсыныстар		
9.	ҚР Парламентінің қарауына ҚР Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 Жарлығының 15-бабының қолданылуы бөліміне (атаулы жекешелендіру) мемлекеттік ғимараттарды екі жылдан артық жалдаған және оның жөндеуі мен қалпына келтіруіне қаражат жұмсаған шағын кәсіпкерлік субъектілер үшін	I тоқсан 1999 жыл	Алматы аумақтық жекешелендіру комитеті, Шағын департамент бизнесі	ҚР Парламентінің ұсынысы		

II-ТАРАУ. КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

№	Шараландыру атауы	Орын-дау мерзімі	Орындаушылар	Аяқтау нысыны	Қар-жы-лан-дыру көзі	Қар-жы-лан-дыру сомасы
1.	Шағын бизнес департаменті өкілдерінің шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселесі бойынша қалалық комиссияның жұмысына белсенді қатысуын қамтамасыз ету	тұрақты	Шағын бизнес департаменті	Ұсыныстарды әзірлеуге қатысу		
2.	Кәсіпкерлер мен қоғамдық ұйымдардың қатысуымен қала әкімінің конференциясын ұйымдастыру және өткізу	жарты жылда бір рет	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері, кәсіпкерлер қауымдастығы	Конференция		
3.	Туындаған мәселелерді анықтау, сондай-ақ шағын бизнесті дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу мақсатында шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сауалнама жүргізу	жарты жылда бір рет	Аудан әкімдері, кәсіпкерлердің Алматы қауымдастығы	Талдау анықтамасы		
4.	Салық комитеттері мен статистика органдарының өзара байланысын қамсыздандыру негізінде	I тоқсан 1999 жыл	Қалалық статистика басқармасы, Алматы	Мәліметтерді нақтылау		

	қалада шағын бизнесті дамыту бойынша мәліметтердің нақтыланған базасын құру		қ.Комитеті, аудан әкімдері	бойынша механизм		
5.	Шағын бизнесті дамытуға, қала экономикалық жағдайының ықпалына, жұмыспен қамсыздандыруға мониторинг жүргізу, шағын кәсіпкерлікті дамыту мен мемлекеттік қолдаудың қалалық және аудандық бағдарламаларын іске асыруға талдау	ай сайын	Шағын бизнес департаменті, қала құрылымдары, аудан әкімдері	Шағын бизнесті қолдау жөніндегі ҚР Агенттігіне ақпарат		
6.	Өртүрлі мәселелерді шешу. Ақпарат алуда барынша өзара іс-қимылға қол жеткізу үшін қала аудандары әкімдерінің аппараттарында "Кәсіпкер күнін" ұйымдастыру және өткізу	ай сайын	Аудан әкімдері	Кәсіпкер күні		
7.	Қала құрылымдарының, бақылаушы органдардың және кәсіпкерлердің қатысуымен " Алматы қаласында шағын кәсіпкерлікті жандандыру жөніндегі шаралар туралы" әкім шешімінің негізінде құрылған Алматы қаласында кәсіпкерлікті дамыту мәселесі бойынша ұсыныс әзірлеу жөніндегі әдістеме Кеңесінің мәжілісін өткізу	кеміде екі айда бір рет	Шағын бизнес департаменті, қалалық қызметтер мен басқармалар, аудан әкімдері, кәсіпкерлер қауымдастығы	Ұсыныстар, қала әкімінің шешімі		
8.	Аудан, қала қызметтерін қоғамдық бірлестіктерді тарта отыра ауданда кәсіпкерлік дамыту мәселесі бойынша қала аудандары әкімдері аппараттарында алқа өткізу	жарты жылда бір рет	Аудан әкімдері, Шағын бизнес департаменті	Алқалар		
9.	Бірлескен жобаларды іске асыру мен енгізуге, қаладағы кәсіпкерлікті дамыту бойынша қабылданған қадамдарға, бақылаушы органдардың нұсқамалары мен талаптарын таныстыруға арналған семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар өткізу	тоқсан сайын	Қалалық құрылымдар, аудан әкімдері, Шағын бизнес департаменті	Семинарлар, конференциялар		

III-ТАРАУ. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚАРЖЫ-КРЕДИТТІК, ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

--	--	--	--	--	--	--

№	Шараландыру атауы	Орын- дау мерзімі	Орындаушылар	Аяқтау нысаны	Қар- жы- лан- дыру көзі	Қар- жы- лан- дыру сомасы
1	Қайтарым негізінде қала бюджеті қаражатынан жеңіл кредит үшін ұсынылатын өндірістік товар мен қызмет саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің басым жобаларына іріктеу жасау	1999 жыл	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері	Мақұлданған жобалар және олардың кредиттелуі	Қала бюджеті	
2	Жер учаскелерінің мақсатты пайдалану үшін анықтау мен резервтеу мақсатында сауда объектілері (базар, дүкен, павильон) және көлік қызметі объектілерін (ЖШС, ТҚС) 1999-2000 жж . арналған дамыту схемасын жасау	I тоқсан 1999 жыл	Сәулет қала құрылысы департаменті	Объектілерді дамыту схемасы: - сауда - көлік қызметі		
3	Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің аукциондардағы қарызгер кәсіпорындардың немесе банкрот кәсіпорындардың иелігіндегі мүлік және басқа қондырғыны сатып алу мақсатында қатысу механизмін пысықтау	тұрақ- ты	Шағын бизнес департаменті, Алматы қ. Бойынша кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен тарату жөніндегі агенттік, Салық комитеті, Салық полициясы	Аукциондарға қатысу		
4	Қала үшін басымдық инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін отандық кәсіпкерлер мен инвесторлардың еркін қаражатын тартуға ықпал ету, Шағын бизнеске инвестицияның ықтимал көзінің ақпараттық базасын жасау	тұрақ- ты	Шағын бизнес департаменті, кәсіпкерлер қауымдастығы аудан әкімдері	Басым инвестиция - лық жобалардың тізбесі		
	Жаңа жұмыс орнын құру мақсатында әріптестер мен инвестор іздеуде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне көмектесу, оның ішінде: - Майлин көшесінде автотұрақ салу үшін; - әуежай алдындағы және Алматы вокзалының	тұрақ- ты I жар- ты жылдық 1999 жыл				

5	алдындағы аландарда қызметтер кешенін ұйымдастыру үшін (сауда, автотұрақ және басқа т.б.); -кешенді қызметтер мен жүк жүргізушілерге арналған автомобильдері тұрағын ұйымдастыру үшін; - "Алатау", "Сұлтанқорған" базарларында халықаралық автобустар тұрағын салу үшін	III тоқсан 1999 жыл III тоқсан 1999 жыл 1999 жыл	Аудан әкімдері	Ақпарат	Инвестор қаражаты	
6	Кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттарына сәйкес жаңа өндірісті, шағын цехті, наубайхананы, оның ішінде, қаланың шалғай аудандарында - "Жұлдыз" ық.ау - "Маяк" поселкесі - 13-16 әскери қалашық - 7-ші разъезд	1999 жыл	Аудан әкімдері, Шағын бизнес департаменті	Ақпарат	Инвестордың жеке қаражаты	
7	Жаңа жұмыс орнын құра отыра жұмыс істейтін кәсіпорын базасында жаңа өндірісті ұйымдастыруға (немесе қайта салаландыру) жәрдемдесу	тұрақ- ты	Аудан әкімдері		Инвестор қаражаты	
8	Кәсіпкерлікті дамытудың басым бағытына сәйкес тұрмыс қажетін өтеу объектілерін, шағын өндірісті, шағын наубайхананы, ашуға көмектесу, оның ішінде - Әуезов ауданында тұрмыстық қызмет бойынша он стационарлық нүкте; - ғимараттың ішкі жұмыстары үшін әшекей панельдерді өндіру бойынша миницех; - Өжет, Заря Восток п.Дорожник, Красный Трудовик ық. аудандарында нан бұйымдарын алкогольсіз сусындарды дайындау жөніндегі цехтар	тұрақ- ты III тоқсан 1999 жыл I тоқсан 1999 жыл 1999 жыл	Аудан әкімдері, Шағын бизнес департаменті	Ақпарат	Инвестордың жеке қаражаты, Банк кредиті	

9	Өндіріс, құрылыс және қызметтің басқа түрі үшін кәсіпкерлерге анықталған бос жер учаскелерін беру	тұрақты	Қалажерком, аудан әкімдері	Ақпарат	Инвестор қаражаты	
10	Өнімдердің (қызметтің) басым түрлерін өндіру мен жеткізу үшін шағын кәсіпкерлік субъектілер арасында мемлекеттік тапсырысты орналастырудың тиімді механизмін жасау	тұрақты	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері	Ақпарат		
11	Объектілердің бекітілген орналасуы бойынша аялдама кешені мен шағын сәулет нысанын салуға тендер өткізуге көмектесу	тұрақты	Аудан әкімдері	Тендерлер		
12	Қаланың орта және ірі кәсіпорындары үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің товар (жұмыс, қызмет) өндірісін атаулы қолдауын ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізу ірі және орта шағын кәсіпорындар арасында тікелей байланысты қамтамасыз етуге көмектесу	тұрақты	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері	Товар және қызмет өндірісіне тапсырыс орналастыру		
13	Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне аяқталмаған мемлекеттік объектілерді беруді жалғастыра отыра құрылысты аяқтау және әлеуметтік маңызды бағыттарда пайдалану мақсатында жыл сайынғы түгендеу негізінде банк мәліметтерін тұрақты жаңарту	тұрақты	Коммуналдық меншік департаменті, аумақком, аудан әкімдері	Есеп		
14	Екінші деңгейдегі банктермен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредит ресурстарын беруді көбейту ықтималдылығын сыйағы үшін проценттік ставканы төмендету, берген кредит қаражат сомасы туралы ақпаратты беру, кәсіпкерлер сапасы	I тоқсан 1999 жыл	Шағын бизнес департаменті, ҚР Ұлттық банк бас филиалы, аудан әкімдері, ҚР Банктер қауымдастығы, қала банк мекемелері	Ұсыныстар Ақпараттар		

	мен алу мақсаты (өндіріс, сауда және т.б.) шарттарымен пысықтау					
15	Қолөнерді, дәстүрлі халық өнері мен көркем орталықтарды өндірісті өркендету бойынша құру және қолдауға көмектесу	1999 жыл	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері	Ақпарат		Инвестор қаражаты
16	Шағын кәсіпорындар өнімдерінің тақырыптық көрме жәрмеңкесін, оның ішінде ғылыми технологиялық салада ұйымдастыруға көмектесу	1999 - 2000 ж.	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері,	Көрме жәрмеңкелер кәсіпкерлер қауымдастығы, Алматы сауда өнеркәсіп палатасы		
17	Коммерциялық дүңгіршектерде орналасқан сауда мен қызмет объектілерін тұрғын бірінші қабаты мен басқа ғимараттарға жұмыстарын жалғастыру	1999 - 2000 ж.	Есеп салалары кәсіпорындарының жұмысын үйлестіру мен бақылау жөніндегі департамент, аудан әкімдері	Қызмет		

IV-ТАРАУ. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚТАРЫН ДАМУ

№	Шаралардың атауы	Орын- дау мерзі - мі	Орындаушылар	Аяқтау нысаны	Қаржыландыру көзі	Қаржыландыру сома-сы
1	Консалтингтік, сақтандыру, заңдық және басқа қызметтерді көрсететін нарықтық инфрақұрылымдар объектілерінің желісін құру мен дамытуға көмектесу	тұрақты	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері	Ақпарат		
2	Шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қоғамдық бірлестіктерді аудандық орталықтарды (қауымдастықты) құруға көмектесу. Оның ішінде: - Алматы қ. Бостандық ауданы кәсіпкерлерінің қауымдастығы	1999 - 2000 ж.	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері, кәсіпкерлер қауымдастығы	Кәсіпкерлерді қолдаудың орталықтары (қауымдастық)		

3	ҚР ҰҒА химия институтының базасында "Экологиялық жаңа технологиялар орталығын" құру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу, оның міндетіне ҚТҚ ұқсатуды, ЖЖМ, тамақ өнімдерінің және т.б. сапасына лабораториялық бақылауды қоса алғанда жаңа технологияны сараптық тексеру жөніндегі жұмыстар кіреді	ІІІ тоқсан 1999 жыл	Шағын бизнес департаменті, қалалық экология және табиғи ресурстар басқармасы, ҚР ҰҒА химия институты	Ұсыныстар		
4	Лизингтік компанияларды құру және қызметін ұйымдастыруға көмектесу, лизингтік қызметтерді дамыту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу	тұрақ- ты	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері	Кеңестер, жинақтар және басқа материалдар		
5	Қалада франчайзингтік қатынастарды дамыту бөлігінде ақпараттық кеңес қызметін жүргізу	І V тоқсан 1999 жыл	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері, кәсіпкерлер қауымдастығы	Кеңестер, жинақтар және басқа да материалдар		
6	Инновациялық технологиялар мен инновациялық кәсіпкерлік, технопарктер орталығын құруға жәрдемдесу, оның ішінде Алатау поселкесінде	І тоқсан 2000 ж.	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері	Ақпарат	Инвестор қаражаты	
7	Бизнес-Инкубаторлар мен өнеркәсіп аймақтарын құру әдістемесін пысықтау	І жарты жылдық 1999 жыл	Шағын бизнес департаменті, Қазақстан - Түрік "Тика" агенттігі	Методология		
8	Қалада Бизнес - Инкубаторларды құру үшін 2 млн. АҚШ долларын тарту туралы Түрік-Қазақстан "Тика" агенттігімен ниет хаттамасына қол қою	І тоқсан 2000 ж.	Шағын бизнес департаменті, Қазақстан - Түрік "Тика" агенттігі	Ниет хаттамасы		
	Өнеркәсіп аймағы мен Бизнес-Инкубатор аймағын құру үшін қажетті базаны зерттеу		Шағын бизнес департаменті,			

9	мен іріктеу бойынша жұмыстар жүргізу (ғимарат, қондырғы және т.б.)	ІІІ тоқсан 1999 ж.	Қазақстан - Түрік "Тика" агенттігі	Базаны анықтау		
10	Өнеркәсіп аймағында, Бизнес - Инкубаторында жеке өндіріс орналастыруға мүдделі кәсіпкерлерді, олардың мүмкіндігін, өндіріс мақсатын, түпкі өнімін анықтауды пысықтау	І V тоқсан 1999 жыл	Шағын бизнес департаменті, Қазақстан - Түрік "Тика" агенттігі	Ақпарат		
11	Ұшу жобасы ретінде Бизнес - Инкубаторды шығару	І жарты жылдық 2000 ж.	Шағын бизнес департаменті, Қазақстан - Түрік "Тика" агенттігі	Бизнес - Инкубатор	Инвестор каражаты	2 млн. АҚШ доллары
12	Бизнес-Инкубатор мен өнеркәсіп аймақтарын құру жөніндегі нәтижелер мен жинақталған тәжірибені қорыту, істелінген жұмыс нәтижесін шығару			Ақпарат		

V-ТАРАУ. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

№	Шаралардың атауы	Орын-дау мерзімі	Орындаушылар	Аяқтау нысаны	Қаржыландыру көзі	Қаржыландыру сомасы
1	Жұмыссыз адамдарды кәсіпкерлік қызмет негіздеріне үйрету	тұрақты	Қалалық үлгілік жұмыспен қамту орталығы	Жылына бір рет анықтама		
2	Кәсіпкерлікпен шұғылданғысы келетіндерге ақпараттық түсініктеме және әдістемелік көмек көрсету, сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет, салық заңы, салық заңы саласында қызметтерді жүргізу ережесін, санитарлық - гигиеналық нормалар мәселесі бойынша кеңестер, бухгалтерлік есеп пен есеп беруді жүргізудің оңайлатылған нысаны	тұрақты	Шағын бизнес департаменті, қалалық үлгілік жұмыспен қамту орталығы, қала СЭС, қызмет саласындағы кәсіпорындар жұмысын үйлестіру мен бақылау жөніндегі департамент, Салық комитеті, аудан әкімдері	Кеңестер, ақпараттық - әдістемелік құралдар, кітапшалар, стендтер		

3	Қала бойынша сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет объектілерін тиімді орналастыру мақсатында және шағын кәсіпкерлік субъектілерін ақпараттандыру үшін сауда алаңдарының мекен-жайын, телефонын көрсете отыра объектілердің мәліметтер банкісін құру		Қызмет саласындағы кәсіпорындар жұмысын үйлестіру мен бақылау жөніндегі департамент, аудан әкімдері			
4	Шағын бизнес субъектілеріне олардың тіршілік қабілетін қалпына келтіру мақсатында ақпарат беру		Алматы қаласы бойынша кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен тарату жөніндегі агенттік	Мәліметтер банк		
5	Бизнес-жоспарларды жасау үшін кәсіпкерлерге арналған тегін семинарларды ПРООН/ЮНИДО желісі бойынша өткізу	I тоқсан 1999 жыл	ПРООН/ЮНИДО, аудан әкімдері	Семинарлар жүргізу кестесі	ПРООН/ ЮНИДО желісі бойынша қаражат	Тегін
6	Қала ірі жоқарғы оқу орындарының оқытушы құрамын тарта отыра шағын кәсіпкерлік мәселесін талдау бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу	жарты жылда бір рет	Шағын бизнес департаменті, кәсіпкерлер қауымдастығы, жоғары оқу орындары	Талдау ақпаратты, жарияланымдар		
7	Кәсіпкерлер үшін салық салу бойынша семинар өткізу	ай сайын 1999 жыл	Аудан әкімдері, аудандық салық комитеттері	Семинарлар өткізу кестесі	Аудандық салық комитеттері	
8	Кәсіпкерлік негізінен азаматтарды МБК-Персонал-Сервис жобасының желісі бойынша өз ісін кеңейтушілер мен өз ісін жаңа бастаушыларға бөле отырып үйрету	I жарты жылды 1999 жыл	Аудан әкімдері, "МБК-Персонал-Сервис" ЖШС, МОТ ООН өкілдігі, Алматы менеджер мектебі	Семинарлар	Тыңдаушылар есебінен	1 курс үшін 50 у.е.
	Бұқаралық ақпарат құралдарында (газет-журнал, теледидар)		Шағын бизнес департаменті,			

9	шағын бизнес мәселесі мен жетістігін көрсету, кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мәселесі бойынша материал әзірлеу	тұрақты	аудан әкімдері, Алматы кәсіпкерлер қауымдастығы			
---	--	---------	---	--	--	--

VI-ТАРАУ. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАЛУЫ ЖӘНЕ ҚАУПСІЗДІГІ

№	Шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Орындаушылар	Аяқтау нысаны	Қаржыландыру көзі	Қаржыландыру сомасы
1	Заңда қаралған негізде кәсіпкерлер шағымдары мен өтінімдерінің қаралуына тұрақты бақылау	тұрақты	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері, қалалық құрылымдар	Өтініш берушілерге жауап		
2	Әйел кәсіпкерлігін дамытуға көмектесу	1999- 2000 ж.	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері, Іскер әйелдер қауымдастығы	Ақпарат		
3	Көзбояушылықпен шұғылданатын және кәсіпкерлерге қатысты басқа қылмыс іс-әрекеттерін жасайтын қылмыс топтарын анықтау үшін арнайы жедел сауықтыру шараларын жүргізу	ай сайын	ІБ, қала прокуратурасы, аудан әкімдері	Шағын бизнес бойынша қалалық алқа баяндамасы		
4	Ішкі істер органдары қызметкерлері тарапынан кәсіпкерлерге қатысты заңсыз іс-әрекет, бопсаны ескерту мақсатында "Алматы кәсіпкерлерінің ІББ-ге үндеуін" әзірлеу	II тоқсан 1999 жыл	ІББ, Шағын бизнес департаменті	Кәсіпкерлердің ІББ-ге үндеуі		
5	Товар және қаржы рыноктарында шаруашылық субъектілерінің қаскөйлік бәсекелестігін ескерту және жол бермеу, реттеуі бойынша жұмыс жүргізу, шағын	тұрақты				

	кәсіпкерлік субъектілерін монополиялық қысымынан қорғау монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитет		Алматы қ. бойынша табиғи	Тоқсан сайын қала өкіміне есеп беру		
6	Жеке кәсіпкерлік жағдайына, еңбекті қорғауды ұйымдастыруға талдау жүргізу (анкеталық сауалнама)	жыл сайын II жарты жылдық	Қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы, ПББ кәсіпкерлер қауымдастығы			
7	Бақылаушы органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруінің мерзімдігі мен заңдылығын сақтауына бақылау жасау	тоқсан сайын	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері	Ақпарат		
8	Кәсіпкерлікті қорғауға бағытталған нормативтік заң актілерінің орындалуына бақылау	жарты жылда бір рет	Шағын бизнес департаменті, аудан әкімдері, ПББ, қала прокуратурасы	Ақпарат		
9	Қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауды ұйымдастыруда кәсіпкерлікке кеңестік көмек көрсету мақсатында құқық қорғау органдарының басшылығымен бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлар, мақалалар, жарияланымдар беріп тұру	тоқсан сайын	Шағын бизнес департаменті, ПББ, қала прокуратурасы, салық полициясы	Теледидар, баспасөздегі мақалалар		

І - сайланған Алматы қалалық Мәслихаты XXIV сессиясының төрағасы В.Югай

І - сайланған Алматы қалалық Мәслихатының хатшысы Ж.Төрегельдинов

І - с а й л а н ғ а н

қ а л а л ы қ

1 9 9 9

ж ы л ғ ы

1 2

А л м а т ы

М ә с л и х а т ы н ы ң

н а у р ы з д а ғ ы

1. ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚТАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МӘНІ

2. ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

3. ШАҒЫН КӘСІПОРЫНДАР - ЖАЛДАУШЫЛАР

4. ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚТАР ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

5. ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚТАР ҚҰРУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

6. ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚТАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ҚОРЫТЫНДЫ

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды күшейту және дамытуды жандандыру жөніндегі шаралар туралы" N 3398 және 1998 жылғы 31 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамытуды" және қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 4189 Жарлықтарында шағын бизнестің инфрақұрылымын қалыптастыру, атап айтқанда, әрбір аймақта Бизнес-Инкубаторларды құру көрсетілген.

Бизнес-Инкубаторлардың көп түрі бар және шартты түрде сөзбен екіге: бизнес орталықтарға, технопарктерге (технополистерге) және өнеркәсіптік аймақтарға бөлінеді. Көптеген дамыған елдер инфрақұрылымдардың элементтерін өркендетудің нәтижесінде өз экономикасының гүлденуіне қол жеткізді.

1. ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚТАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МӘНІ

Өнеркәсіптік аймақ өзінің мәні жағынан көптеген шағын оқшауланған кәсіпорындар орналасқан нысан болып табылады және біртұтас өндірістік

аумақта ("бір шаңырақ астында") қызмет етеді.

Өнеркәсіптік аймақтарда өндірістік алаңдар блок-сегменттерге бөлінген, оларда әр түрлі жұмыс түрлері мен тәсілдері, кооперациялық байланыстар деңгейі және дербестік дәрежесі бар, әр түрлі ұйымдық-құқықтық формалар, оқшауланған шағын кәсіпорындар-жалдаушылардың (әрі қарай - ШК-жалдаушылар) көп мөлшері орналасады. Көптеген әр түрлі шағын кәсіпорындардың бір Өнеркәсіптік аймаққа орналасуының бір ғана шарты олардың салалық және технологиялық сәйкестігі болып табылады.

Өнеркәсіптік аймақтық біртұтас кешенінің қалыпты қызмет етуі, негізінен, Өнеркәсіптік аймақты басқаратын компания (компанияның басқарушысы) және біртұтас кешеннің бас менеджері болып табылатын арнаулы орган арқылы қамтамасыз етіледі.

2. ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

Компанияның басқарушысы өнеркәсіптік алаңдардың меншік иесі болып табылады және оған Өнеркәсіптік аймақты қалыптастыру және оның толық қызмет етуін қамтамасыз ету жауапкершілік жүктеледі.

3. ШАҒЫН КӘСІПОРЫНДАР - ЖАЛДАУШЫЛАР

Бизнес-Инкубаторлардың негізгі мақсаты оның аумағында орналасқан шағын кәсіпорындардың тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ету.

Өз бизнесін коммерциялық негізде бастаған кәсіпкерлер Өнеркәсіптік аймақта қолдау табады. Оларға көптеген мамандардан кеңестер алу, үй-жайларды, жабдықтарды жалдау мүмкіндіктері, басқа да жеңілдіктер беріледі.

Өнеркәсіптік аймақтың аумағында оқшауланған шағын кәсіпорындар орналастырылады, олардың әрқайсысы жеке блок-сегментті иеленіп, онда өзінің өндірісін ұйымдастырып, өзіне бөліп берілген өндірістік үй-жайлардың шеңберінде қызметін жүзеге асырады.

Шағын кәсіпорын қызметінің түріне қарай оған Өнеркәсіптік аймақтың басқарушысы арқылы, Компаниямен жасалған шартқа сәйкес кәсіпорынды қолайлы ету бойынша көмек беріледі. ШК-жалдаушыға бөлінген өндірістік үй-жайдың құрамына қоймалар және басқа да қажетті үй-жайлар енеді.

Өнеркәсіптік аймаққа орналасатын кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық түрлері ШК-жалдаушылардың өздері арқылы белгіленеді.

ШК-жалдаушылардың қызметін үйлестіру мақсатында Өнеркәсіптік аймақтың басқарушысы арқылы Компанияның жарғылық капиталына қатысуға мүмкіндік, оларға қосымша құрылтайшының тиісті өкілеттіктері беріледі.

4. ӨНЕРКӘСПТІК АЙМАҚТАР ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

Өнеркәсіп аймақтық құрудың негізгі мақсаты шағын кәсіпкерлікті дамытуды және отандық тұғыр өңдеушіні қолдауды жандандыру, кәсіпкерлерге әсіресе, олардың қызметінен бас тартқан кезінде қолдау және көмек көрсету болып табылады. Өнеркәсіп аймақты ұйымдастыру заңды бизнесті дамытуға мүмкіндік береді, олардың тұрақты жұмыс істеуі үшін экономикалық және ұйымдық жағдай жасайды.

Жоғарыдағы көрсетілген мақсаттарға мына міндеттерді шешу арқылы қол жеткізеді:

- жұмыс істейтін шағын кәсіпорындар саны көбейту
- халықтық жӘмыспен қамтылуын қамсыздандыру және жұмыссыздық деңгейін төмендету
- бәсеке қабілеті импортты ауыстыратын өнімдерді шықару
- жергілікті өнеркәсіп бағыттары үшін қажетті экспорт-импорт қызметін кеңейту
- бюджетке салықтық түсімдер сомасын көбейту
- қаланың әртүрлі мәселелерін шешуге көмектесу.

Өнеркәсіп аймағы тұрақты жұмыс істейтін шағын кәсіпорындар санын көбейтуге және сол арқылы салық салынатын базаны арттыруға мүмкіндік береді.

Алматы қаласында шағын кәсіпкерлік субъектілерін дамытуға мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету, осы мақсаттар үшін бөлінетін ақша қаражатын тиімді пайдалануды арттыру мақсатында "Алматы қалалық Бизнес-Инкубатор" жабық акционерлік қоғамы құрылады, ол өнеркәсіп аймақының басқарушы компаниясы болып табылады, мемлекеттік акциялар пакетінің 100 процентіне ие.

5. ӨНЕРКӘСПТІК АЙМАҚТАР ҚҰРУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Өнеркәсіп аймағын құру мен қалыптастыру бірнеше кезеңнен тұрады:

1. әзірлік кезеңі, ол мынаны қамтиды:
 - өнеркәсіп аймақты құру үшін жарамды ғимаратты таңдау және бөлу;
 - өнеркәсіп аймақты басқару жөніндегі "Алматы қалалық Бизнес-Инкубатор"

жабық акционерлік қоғамын құру;
- өнеркәсіп аймағын ұйымдастыру үшін бөлінген ғимаратты компания басқарушысының меншігіне беру және қажетті құжаттарды ресімдеу;
- донор-инвесторларды және өнеркәсіп аймағын ұйымдастыруды қаржыландырудың басқа да көздерін іздестіру;
- донорлармен өнеркәсіп аймағын мамандандыруды келісу және анықтау;
- өнеркәсіп аймағы өндірістік инфрақұрылымын құру жөніндегі жалпы жұмыстарды жүргізу мен жалпы орналастыруға байланысты шығындар сметасының есебін және бизнес-жоспарды жасау;
- инвестормен өнеркәсіп аймағының өндірістік инфрақұрылымын әзірлеуге арналған бизнес-жоспар мен шығындар сметасын бекіту және келісу;
- инвестормен жобаны қаржыландыру және оған қатысушылардың арасындағы міндеттерді бөлу жөніндегі келісімге қол қою;
- өнеркәсіп аймағында орналасуға және онда өз өндірісін ұйымдастыруға мүдделі үміткерлерді іріктеу;
- мүмкіндігі бар ШК-жалдаушылармен бастапқы құжаттарды ресімдеу және оларды өнеркәсіп аймағында орналастыруға байланысты басқа рәсімдік шараларды жүргізу.

2. Өнеркәсіп аймағын жандандыру және онда инфрақұрылымдарды құру кезеңі мыналарды қамтиды:

- өнеркәсіп аймағын жандандыруға байланысты жұмыстарды орындау үшін мердігерді таңдауға арналған тендер өткізу;
- блок-сегменттерді бөлуді қамти отыра өнеркәсіп аймағын жандандыруға байланысты жұмыстар жүргізу;
- ШК-жалдаушыларды тіркеу рәсімі және оларға блок-сегменттерді бекіту (Өнеркәсіп аймағында ШК-жалдаушыларын орналастыру).

3. Өндірісті әзірлеу кезеңі мыналарды қамтиды:

- ШК-жалдаушылармен блок-сегменттерде қондырғылар мен технологиялық желілерді монтаждау және орнату;
- пайдалану, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;
- қажетті орындарда ШК-жалдаушылардың өндірістік-технологиялық құжаттамасын келісу;
- ШК-жалдаушылардың кадрларын жасақтау және даярлау;
- ШК-жалдаушылар өндірісін пайдалануға беру.

4. Жобалық қуаттылыққа шығу кезеңі мыналарды қамтиды:

- жобалық қуаттылыққа шыққанға дейін өндірісті өрістету;
- ШК-жалдаушылар өнімдерін сату жөніндегі өткізу желілерін ұйымдастыру.

6. ӨНЕРКӘСПТІК АЙМАҚТАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Өнеркәсіптік аймақтарды қаржыландыру көздері мыналар:

- шетелдік донор-инвесторлар инвестициялары;
- өнеркәсіп аймағын құру бастамашысының жеке қаражатын салу;
 - мемлекеттік бюджет қаражаты;
- жеке адамдардың жарналар, еріксіз садақалары, халықаралық ұйымдардың осы мақсат үшін арнайы бөлген гранттары;
- банк кредиттерін қоса алғанда инвестициялаудың басқа да көздері.

Тұрақты жұмыс істеген өнеркәсіп аймақтар қосымша қаражатты қажет етпейді және өндірістік және қызметтік ғимараттарды жалқа беруден түскен қаражат, компания басқарушысы қызметінің төлемдері, бірлескен өндірістерге қатысудан және басқа көздерден тиесілі пайда үлесінің (бөлігінің) есебінен ұ с т а л а д ы .

ШК-жалдаушыларды қаржыландыру бірінші кезекте, кәсіпкерлердің жеке қаражатын және оған тартылған займдық ресурстардың есебінен жүргізіледі. Жекелеген жағдайларда қаржыландыруға компания басқарушысының қаражаты т а р т ы л а д ы .

Компания басқарушысының міндетіне төмендегі міндеттерді жүргізу кіреді:

- өнеркәсіп аймақтарын әзірлеу және жандандыру, коммуникацияларды, инженерлік желілерді кірме жолдар мен өндірістік инфрақұрылымның басқа да элементтерін өткізу және қосу;
- өндірістік ғимараттарды блок-сегменттерге бөлу;
- өнеркәсіп аймақтарда өз өндірісін ұйымдастыруға мүдделі тұлғаларды і р і к т е у ;
- өнеркәсіп аймағында орналасқан қазақстандық кәсіпкерлермен бірлескен ынтымақтастыққа шет елдік әріптестер мен инвесторларды тарту;
- блок-сегменттерде өндірісті ұйымдастыру, оларды ШК-жалдаушыларға жалға беру, тиісті құжаттарды ресімдеу;
- өнеркәсіп аймағы бүкіл кешенін ұйымдастыруға және қызметіне байланысты басқа мәселелерді шешу, онда орналасқан ШК-жалдаушыларының табысты жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасау.

Компания басқарушысы көрсететін қызметтер жиынына бұрыннан дайын өндірістік ғимараттарды (блок-сегменттерді) ШК-жалдаушыларға жалға беруден басқа, оларға офистік қызмет көрсетуге байланысты қызметтер жиыны кіреді, а т а п а й т қ а н д а :

- ШК-жалдаушыларды тиісті қолдау құралдарымен қамсыздандыру (ұйымдық техника, байланыс құралдары, кітапхана);
- қызметтік алаңдарды беру;

хатшылық қызметтерді, аударма қызметтерін көрсету, хат-хабарды және байланысты және т.б. қабылдау және жөнелту;

- бизнес-жоспарларды және маркетинг стратегиясын әзірлеу, қаржыландыру мәселелерін шешу бойынша қызметтер кешенін көрсету;
- бухгалтерлік, заңды және басқа да кеңестік қызметтерді, әртүрлі құжаттарды әзірлеу жөніндегі қызметтерді көрсету;
- кәсіпкерлерді, ШК-жалдаушылар қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру;
- дөңгелек үстелдерді, семинарларды, тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
- келіссөз үшін мәжіліс залын, кеңесу бөлмесін беру;
- ғимараттарды күзету және жинау;

- бизнесті әкімшіліктендіруге және жүргізуге байланысты басқа да қызметтер.

ШК-жалдаушылар мен компания басқарушысының қарым-қатынасы шарттық негізде құрылады. Компания басқарушысы көрсететін қызметтер оның шеккен шығынын толық өтеуді қамтамасыз ететін баға бойынша көрсетіледі. Өнеркәсіп аймақты басқару жөніндегі компания көрсететін қызметтер жиыны кәсіпкерлікті дамыту саласында айтарлықтай табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Өнеркәсіп аймақтарын құрудың негізгі артықшылықтары, ең алдымен өз мәселелерін дербес шешуге қауқары жоқ кәсіпкерлерге оны кешенді түрде шешуге көмектесу болып табылады.

Өнеркәсіп аймақтарын ұйымдастыру кәсіпкерлердің бизнесті жүргізу үшін жарамды өндірістік ғимараттарды іздеу мәселесін жоюға мүмкіндік береді. Кәсіпкерлерге, сондай-ақ өндірісті әзірлеуге қаражат іздеу және/немесе айналымнан қаржы жәмсау талап етілмейді (электр энергиясын, суды, канализацияны, жыруды және т.б. қосу), бұл жұмыстар олардың қатысуынсыз орындалады.


Өнеркәсіп аймақтарын құру мен дамытуға байланысты отандық тауар өндірушілерді қолдау қамтамасыз етіледі, әкелінетін өңіс саны азаяды, елден валютаның кетуі төмендейді, мемлекеттік бюджеттің толығыуы қамтамасыз етіледі.

І-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты XXIV сессиясының
төрағасы В.Югай
І-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы Ж.Төрегелдинов

1.СХЕМА. ӨНЕРКӘСП АЙМАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



2.СХЕМА. ӨНЕРКӘСП АЙМАҒЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ



3.СХЕМА. "Алматы қалалық Бизнес-Инкубатор" ЖАҚ-тың міндеттері

"Алматы қалалық Бизнес-Инкубатор" ЖАК,

Өндірістік қызмет көрсетуде атқарылатын міндеттері	Кеңселік қызмет көрсетуде атқарылатын міндеттері
өндірістік ғимараттарды блок-сегменттерге бөлу	ШК-жалдаушыларды қажетті құралдармен қамсыздандыру (ұйымдық техника, байланыс құралы, кітапхана)
өндірістік аймақты әзірлеу және жандандыру, коммуникацияны, инженерлік жеріні және басқа өндірістік инфрақұрылым элементтерін қосу	кеңселік аландарды беру
өндірістік аймақта өз өндірісін ұйымдастыруға мүдделі тұлғаларды іріктеу	хатшылық қызметтерді, аудармашы қызметін көрсету, хабар-ошарды, байланысты және т.б. жөнелту
шет елдік әріптестер мен инвесторларды өнеркәсіп аймағында қазақстандық кәсіпкерлер мен бірлескен ынтымақтастыққа тарту	бизнес-жоспарды, маркетинг стратегиясын әзірлеу, қаржыландыру мәселесін шешу, қызметтер кешенің көрсету
	бухгалгерлік, заң және басқа кеңістік қызметтерді, әртүрлі құжаттарды даярлау бойынша қызметтер көрсету
	ШК-жалдаушылар қызметкерлерің, кәсіпкерлерді оқытуды ұйымдастыру
	дөңгелек үстелдер, семинарлар, тәжірибе алмасуды ұйымдастыру
	өткізу базарында ШК-жалдаушылар тауарларының қозғалысы, әріптестер іздеу мен шарттарды жасауға, ірі және орта кәсіпорындармен кооперативтік байланыстарды жолға қоюға жәрдемдесу, мемлекеттік сатып алулар бойынша тендерлерге қатысуға көмектесу